

*Айтайын дегенім...*

## **Құдайкөл емес, Құдайқұл**

Екібастұз әкімдігіне қарайтын Құдайкөл ауылдық округінің орталығы ресми құжаттарда «Құдайкөл ауылы» деп қате беріліп жүр. Дұрысында осы ауылдың атауы оның жанындағы «Құдайқұл» деп аталатын көлге байланысты болуы тиіс. Сонау кеңес үкіметі кезеңде осы жерде жаңа совхоз құрылғанда бір басшы адамның білместігінен оның орталығы «Құдайкөл ауылы» деп айтылып кетсе керек.

Аталмыш көлдің маңайы ертеде Бәсентиін руының Сырым атасы ішіндегі Мұрат бұтағындағы Құдайқұл есімді кісінің жайлауы болуына байланысты жұрт осы көлді «Құдайқұл көлі» деп атаған. Қазақтар арасында «Құдайқұл» есімді кісілер көп кездеседі. Мысалы, Қаржас руының ішінде де «Құдайқұл» деген ата бар. Бұл есімнің орысша мағынасы «раб божий», ал «Құдайкөл» дегеніміз «божье озеро».

Санкт-Петербург қаласында 1903 жылы шыққан география-

лық картада Қарасор көлінің оңтүстігіндегі көл «озеро Худайқұл» (Кудайколь емес) деп көрсетілген.

Мәшһүр Жүсіптің «Бір редакторға» деген өлеңінде:

*«Әдетің алаңдаған қайда*

*қалды,*

*Құдайқұл - Қарасордың қасқырындай»,* - деген жолдар бар. (Қараңыз: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Көп томдық шығармалар жинағы. 4-ші том. Алматы, «Алаш», 2005, 201-ші бет). Бұл өлеңде Мәшһүр Жүсіп ағамыз Екібастұз өңіріндегі Құдайқұл мен Қарасор көлдерін айтып отырғаны күмәнсіз.

Сондықтан гидроним «Құдайқұл» атауына байланысты ауылдық округ «Құдайқұл», ал қазіргі аталып жүрген ойконим «Құдайкөл» - «Құдайқұл ауылы» деп аталулары дұрыс болады.

**Серік Жақсыбаев,  
КСРО Журналистер  
Одағының мүшесі**